

ХІХ-ХХ ҒАСЫР ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН ДІНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯЛАР

Н.Аскерхан, Б.И.Карипбаев

АННОТАЦИЯ

Бұл мақала ХІХ-ХХ ғасырлардағы қазақ ойшылдарының діни-философиялық көзқарастарын талдауға арналған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сүгір жырау, Міржақып Дулатов сияқты тұлғалардың еңбектерінің ортақ ойларына назар аударылады. Олардың шығармашылық мұрасы ислам теологиясы, шығыс философиялық дәстүрі және қазақтың ұлттық-мәдени дүниетанымын ұштастыратын күрделі синтез ретінде қарастырылады. Мақаланың негізінде ХІХ-ХХ ғасырлардағы қазақ ойшылдарының құдайдың болмысына қатысты терең ойлары, шығыс перипатетиктері, фалсафа мектебінің өкілдері мен мутакаллимдер қолданылатын философиялық терминдердің өз еңбектеріндегі көрінісі және басқа да діни философиялық тұжырымдармен сабақтастығы көрсетілуге бағытталған. Мақалада негізгі базис ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өлең жолының түсіндірмесі алына отыра аталған тұлғалардың сол тақырыптарға қатысты терең діни және философиялық тұжырымдары жайлы қарастырылады. Аталған қайраткерлердің еңбектері өзара сабақтастырыла отырып олардың ұлттық және діни позициялары қарастырылады. Ойшылдар өз еңбектеріндегі тереңдетілген діни концепцияларды халық даналығы мен поэтикалық бейнелеу арқылы жеткізгендіктеріне зерттеу жасалды. Зерттеуде ХІХ-ХХ ғасырлардағы қазақ ойшылдарының діни-философиялық мұрасын аша отыра ислам өркениеті мен ұлттық рухани құндылықтардың сабақтастығы қарастырылды.

Ключевые слова: фалсафа, дүниетаным, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Абай, дін, антропоморфизм, руханият, Сүгір.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

Автор-корреспондент:

Аскерхан Н.,
xnurgulan@mail.ru

Ссылка на данную статью:

Аскерхан Н., Карипбаев Б.И.
ХІХ-ХХ ғасыр қазақ ойшылдарының еңбектеріндегі тереңдетілген діни-философиялық концепциялар // Адам әлемі. – 2025. – №4(103). – С. 3-10.

Углубленные религиозно-философские концепции в трудах казахских мыслителей ХІХ-ХХ веков

Аннотация. Данная статья посвящена анализу религиозно-философских взглядов казахских мыслителей ХІХ-ХХ веков. Особое внимание уделяется общим идеям в трудах таких деятелей, как Машхур Жусуп Копеев, Абай Кунанбаев, Ыбрай Алтынсарин, Шакарим Кудайбердиұлы, Сугир-жырау, Миржакып Дулатов. Их творческое наследие рассматривается как сложный синтез исламской теологии, восточной философской традиции и национально-культурного мировоззрения казахов. В статье акцентируется внимание на глубоких размышлениях казахских мыслителей ХІХ-ХХ веков о сущности Бога, на отражении философских терминов, используемых восточными перипатетиками и мутакаллимами, фаласифами а также на других глубоко религиозно-философских концепциях. В качестве основного базиса берётся толкование поэтических строк Машхура Жусупа Копеева, на фоне которых рассматриваются религиозные и философские воззрения других упомянутых личностей. Труды этих мыслителей сопоставляются между собой, выявляется их национальная и религиозная позиция. Особое внимание уделяется тому, как они через народную мудрость и поэтические образы передавали углублённые религиозные концепции. В исследовании, раскрывая религиозно-философское наследие казахских мыслителей ХІХ-ХХ веков, рассматривается также преемственность исламской цивилизации и национальных духовных ценностей.

Ключевые слова: фалсафа, мировоззрение, Машхур Жусуп Копеев, Абай, религия, антропоморфизм, духовность, Сугур.

Depth religious and philosophical concepts in the works of Kazakh thinkers of the 19th-20th centuries

Abstract. This article is devoted to the analysis of religious and philosophical views of Kazakh thinkers of the ХІХ-ХХ centuries. Special attention is paid to common ideas in the works of such figures as Mashkhur Zhusup Kopeev, Abai Kunanbayev, Ybray Altynsarin, Shakarim Kudaiberdiuly, Sugir-zhyrau, Mirzhakyp Dulatov. Their creative heritage is considered as a complex synthesis of Islamic theology, Eastern philosophical tradition and national and cultural worldview of the Kazakhs. The article focuses on the deep reflections of Kazakh thinkers of the 19th-20th centuries on the essence of God, on the reflection of philosophical terms used by Eastern peripatetics and mutakallim, as well as on other religious and philosophical concepts. The main basis is the interpretation of the poetic lines of Mashkhur Zhusup Kopeev, against which the religious and philosophical views of other mentioned personalities are considered. The works of these thinkers are compared with each other, their national and religious

positions are revealed. Special attention is paid to how they conveyed deep religious concepts through folk wisdom and poetic images. The study, revealing the religious and philosophical heritage of Kazakh thinkers of the XIX–XX centuries, also examines the continuity of Islamic civilization and national spiritual values.

Key words: Falsafa, Worldview, Mashhur Zhusup Kopeev, Abai, Religion, Anthropomorphism, Spirituality, Sugur

Kipicne

Қазақстан тарихындағы XIX–XX ғасырлар тек әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістермен ғана емес, сонымен бірге халықтың рухани-зияткерлік өмірінде орын алған терең трансформацияларымен де ерекшеленетін бетбұрыс кезең болды. Дәстүрлі көшпелі қоғамның ыдырауы, Ресей империясының отарлық саясатының күшеюі, кейінгі жаңғырту мен зайырландыру үдерістері қазақ дүниетанымын жаңа ізденістерге бағыттады. Бұл жағдайда рухани құндылықтарды сақтау мен ұлттық бірегейлікті айқындау қажеттілігі бұрынғыдан да өзекті болып, оны іске асырудың тың формаларын қалыптастыруға түрткі болды. Дәл осы тарихи дәуірде діни-философиялық идеялар айрықша мәнге ие болып, олар қоғамның дүниетанымдық бағдарларын анықтаумен қатар, тез өзгерген әлеуметтік шындыққа бейімделудің маңызды құралы қызметін атқарды. Аталған кезеңде қазақ ойшылдары ислам өркениетінің рухани мұрасын, халық ауыз әдебиеті мен поэтикалық дәстүрін және жаңа философиялық рефлексия үлгілерін ұштастыруға ұмтылды. Олардың еңбектерінде сенім мен білімнің арақатынасы, адамгершілік пен ақылдың өзара байланысы, Құдай мен адамның болмыстық қатынасы, тағдыр мен ерік бостандығы, жеке адам мен қоғамның орны секілді іргелі мәселелер көтерілді. Бұл ойшылдар еңбектерінде терең діни-мистикалық сарындар мен ғылым мен прогресс идеяларын руханиятпен үйлестіруге бағытталған рационалды ізденістер қатар өрбіді. Сонымен бірге исламдық этика мен қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары аясында жеке тұлғаны тәрбиелеу және адамгершілік қоғамды қалыптастыру мәселесі басты назарда тұрды.

XIX–XX ғасырлардағы қазақ діни-философиялық ойының дамуына ықпал еткен тұлғалардың қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сүгір жырау және Міржақып Дулатов бар. Олардың мұралары ислам теологиясы, шығыс философиялық дәстүрі, исламдық дүниетаным және қазақ халқының ұлттық-мәдени негіздерімен тоғысқан көпқырлы синтез болып табылады. Мәшһүр Жүсіп Көпеев теологиялық таным, поэтикалық дәстүр және халық даналығын бір арнаға тоғыстыра білді. Оның еңбектерінде діни сарындар тек ойтолғау объектісі ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының күнделікті рухани тәжірибесінің ажырамас бөлігі ретінде бейнеленді. Мәселен, Абай Құнанбайұлы ақыл, сенім және адамгершілік арасындағы өзара байланысты қарастырып, шынайы білім рухани кемелдікпен ұштасуы

тиіс деген ойды тереңдетті. Оның Қара сөздері философиялық-этикалық кодекс дәрежесіне көтеріліп, дін мәселелері адам болмысының мәнін іздеумен аастастырылды. Ыбырай Алтынсарин ағартушылық бағытта еңбек ете отырып, исламдық этиканы ғылым мен білім құндылықтарымен үйлестіруге ұмтылып, оларды өзара толықтыратын тұғырлар ретінде қарастырды. Шәкәрім Құдайбердіұлы Абайдың философиялық дәстүрін жалғастырып, сопылық идеяларды, ар-ождан және моральдық жауапкершілік мәселелерін жүйелі түрде көтерді. Оның шығармашылығында діни ақиқаттың әмбебап негіздерін іздеу, жан мен ақырет туралы толғаныстар, сондай-ақ исламды жалпыадамзаттық құндылықтармен үйлестіру ниеті айқын көрініс тапты. Сүгір жырау шығармашылығында поэтикалық форма философиялық және діни идеяларды жеткізудің қуатты құралына айналды. Рәміздер мен бейнелер арқылы ол тағдыр, білім, рухани өсиетке адалдық секілді мәселелерді көркемдік тұрғыдан талдады. Міржақып Дулатов діни құндылықтарды ұлттық тәуелсіздік пен қоғамдық жаңғыру идеяларымен сабақтастырып, қазақ қоғамының рухани жаңғыруы мәселесін көтерді. Оның еңбектерінен исламдық дүниетаным мен философиялық идеяларды мәдени-саяси қайта өрлеу жобасына тоғыстыру талпынысы айқын байқалады. Осылайша, XIX–XX ғасырлардағы қазақ ойшылдарының діни-философиялық мұрасын кешенді талдау олардың дүниетанымдық ерекшеліктерін ашумен қатар, қазақ қоғамының рухани бағдарларын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу аталмыш ойшылдардың негізгі идеяларын жүйелі түрде талдауды, олардың ішкі логикалық құрылымын, тарихи-мәдени контексттегі қайнар көздері мен маңызын айқындауды көздейді.

Әдіснама

Негізінен тарихи-философиялық және компаративистік зерттеу әдістерін қолданады. Бұл әдіс келесідей элементтерді қамтиды: деректану – Мәшһүр Жүсіптің поэзиясы мен прозасын, Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін, Ыбырайдың «Мұсылманшылықтың тұтқасын», Шәкәрімнің «Мұсылмандық шартын», Сүгір жыраудың «Өсиет толғауын», Міржақып Дулатұлының еңбектеріндегі мәтіндерді іріктеп талдау; салыстырмалы талдау – шығыс перипатетизмі мен қазақ ойшылдарының ұқсастықтары, сондай-ақ олардың өзара әсерін анықтау; Контекстуалды талдау – философиялық идеялардың тарихи, әлеуметтік және мәдени контексте қалай дамығанын зерттеу; герменевтика – мәтіндерді түсіндіру

және олардың терең мағыналарын ашу. Сонымен қатар жалпы философиялық әдістер, синтез, аналогия, абстракция әдісі қолданылды.

Негізгі бөлім

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығындағы діни концепциялар

XIX–XX ғасырлардағы қазақ ойшылдарының діни-философиялық ізденістері исламдық дүниетаным мен ұлттық дәстүрдің, сондай-ақ адам мен қоғамның болмысы жөніндегі философиялық пайымдаулардың үйлесімін танытатын рухани мәдениеттің ерекше құбылысы болып табылады. Қазақ халқының болмысы асылында исламдық болғандығын, тіпті тереңдетілген түрде дүниетанымдық концепциясы болғандығын біз осы ғасырлардың көрнекті тұлғаларының еңбектерінен біле аламыз. Олар сенім мен ақылдың, руханият пен прогрестің, ұлттық бірегейлік пен жалпыадамзаттық құндылықтардың арасындағы үйлесімді тепе-теңдікті іздеуге ғана талпынбай, жалпы исламдық дүниетанымдағы көпке мәлім емес, бірақ маңызды концепцияларды өз еңбектерінде көрсете білген. Нәтижесінде, олардың еңбектері терең мазмұны мен маңызын сақтап қана қоймай, қазіргі заманның рухани сұраныстары үшін де өзектілігін жоғалтпайтын тұтас қазақ философиясының қалыптасуына берік негіз қалады. Мақалада сондай терең көріністі тұжырымдарға жекелей тоқтап өтіп, олардың мазмұнын ашуға тырысамыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының поэтикалық шығармалары исламдық дүниетанымдағы Алланың бірлігі мен ұлылығын, Оның мәңгілігі мен көзге көрінбейтіндігін, ешбір жаратылысқа ұқсамайтындығын айқын бейнелейтін терең философиялық ойларға негізделген. Ақынның өлең жолдарында Құдайдың шексіз сипаты, жаратушының жалғыздығы мен құдіреті көркемдік құралдар арқылы сипатталады. Ол өзінің діни-философиялық толғаныстарында ислам теологиясының негізгі ұғымдарын қазақтың поэтикалық дәстүрімен үйлестіре отырып, халыққа түсінікті әрі әсерлі түрде жеткізе білді. Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің мынадай өлең жолдарын мысалға келтіруге болады:

«Ол – Алла жисм, жауһар, ғариз емес,
Боларға басқа басқа бөлектенбес.
Алланы еш нәрсеге ұқсатуға,
Еш нәрсе Оған ұқсап жөні келмес.
Бар Құдай көкте де емес, жерде де емес,
Мекенін бір Алланың ешкім білмес.
Иаусыма аусы – төрт жақтан пәк дүр Алла,
Муминнің Алла деген көңіліңде емес.
Сипаты сегіз болған, бірі – кәләм,
Сөйлейді құдіретімен Алла Тағалам.
Сөйлеуі біздей тілмен, жақпен емес,
Тіл, жаққа мұқтаж емес секілді адам.
Алды-арты, асты-үсті, оң-солы жоқ,
Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қолы жоқ.
Еш нәрсеге ұқсамайды Ол, еш нәрсеге,

Кітаптың айтқанынан ойлама көп», – деген [1]. Бұл өлең жолынан тереңдетілген діни тұжырымдамалар мен шығыс перипатетиктері мен мутакаллимдер қолданатын терминдік сөздерді қатар аңғарамыз. Олар: жисм, жауһар және ғариз. Жисм ұғымы – араб тілінен аударғанда «дене», «заттық болмыс» дегенді білдіреді, философияда бұны материя деп атайды. Философиялық тұрғыдан алғанда, жисм – кеңістікте орын алатын, көлемі бар материалдық дүние. Ол көзге көрінетін барлық денелердің ортақ атауы: адам денесі, табиғаттағы заттар, аспан денелері. Шығыс перипатетиктері мен мутакаллимдер еңбектерінде жисм материяның негізгі формасы ретінде қарастырылады. Екіншіден, жауһар ұғымы, жауһар – арабша «мән», «субстанция», «асыл» деген мағына береді. Философияда ол – заттың ішкі мәні мен болмысын айқындайтын категория немесе терминдік түрде субстанция де түсіндіреді, екінші мағынасы жауһар бөлінбейтін ең ұсақ «атом» ретінде түсіндіріледі. Ғариз – араб тілінен тікелей аударғанда акциденция деген мағына береді, яғни бұл жисмнің, материяның, заттың сипаты мен түрлі күйін атайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының: «Ол – Алла жисм, жауһар, ғариз емес» деген өлең жолы ислам теологиясының терең қағидаларын айқын көрсетеді.

«Еш нәрсеге ұқсамайды Ол, еш нәрсеге, Кітаптың айтқанынан ойлама көп» деген жолдарынан шариғаттағы басты қағидаларының бірі – Алланың жалғыздығы мен ешнәрсеге ұқсамайтындығы жайлы тікелей байланысты көре аламыз. Бұл тұжырымда ақын Алланы жаратылған ешбір затпен салыстыруға болмайтынын, Оның материалдық өлшемдерден тыс екенін атап өтеді. Ақын осы түсініктерді жоққа шығару арқылы Құдайдың ешбір формаға сыймайтындығын, дене мен материядан тұрмайтындығын, жаратылыстың заңдарына бағынбайтындығын терең философиялық әрі діни тұрғыда негіздейді. Құранның 42-сүресінің 11-аятында: «Оған ештеңе ұқсамайды» деп көрсетілген. Мәшһүр Жүсіптің жоғарыдағы поэтикалық идеясы Құранның негізгі сенімдік қағидаларын халыққа түсінікті әрі көркем тілде жеткізудің бір үлгісі болып табылады. Ақынның мұндай тұжырымдары оның шығармашылығындағы діни-философиялық ізденістердің қаншалықты терең болғанын, исламдық дүниетанымды қазақтың рухани мәдениетімен шебер үйлестіре білгенін дәлелдейді. «Бар Құдай көкте де емес, жерде де емес, Мекенін бір Алланың ешкім білмес» — деген өлең жолдарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Алланың физикалық кеңістікке тәуелді еместігін, Оның ешбір мекенде шектелмейтінін баяндайды. Бұл түсінік исламдағы негізгі сенім мектептері – Матурудия мен Ашарияның қағидаттарымен толық үндеседі. Екі мектеп те Алланың мекенге мұқтаж емес екенін, Оның барлығы мен бірлігі жаратылыс заңдарына тәуелді болмайтынын айқындаған. Сонымен қатар

бұл екі мектепке қарсы салафилик-таймиттік бағыттағы антропоморфистік түсініктерге ақынның да қарама-қарсы екендігін көрсетеді. Ал «Сипаты сегіз болған, бірі – кәләм» деген өлең жолында ақын ислам теологиясындағы құдайдың сипаттарының бірі – Кәләм (сөйлеу) сипатына тоқталады. Ислам ілімінде Алланың сипаттары белгілі, олардың ішінде Кәләм сипаты Жаратушының сөйлеу құдіретін білдіреді. Бұл сөйлеу адам тіліндегідей дыбыстық немесе мүшелік құралдар арқылы емес, Оның құдіретіне сай, жаратылыстан тыс сипатта жүзеге асады. Сонымен қатар жалпы ислам ғылымындағы Кәләм ілімі өз атауын дәл осы сипатпен байланыстырады. Оның негізгі мәселелерінің бірі – Алланың сөзі Құран жаратылған ба, жоқ па деген пікірталаспен туындаған. Мәшһүр Жүсіптің аталмыш өлең жолы бұл тұрғыда классикалық мутакаллимдердің бағытын ұстанғанын айғақтайды. Ол Алланың кәләм сипатының жаратылмағандығын, яғни Оның мәңгілік сөз иесі екенін жеткізеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Алды-арты, асты-үсті, оң-солы жоқ» деген өлең жолдарында Алланың дене пішінінен мүлде пәк екендігін ерекше атап өтеді. Ақын бұл жерде жаратылған барлық заттарға тән кеңістіктік өлшемдер – алты тарап (алды-арты, асты-үсті, оң-солы) Аллаға қатысты болмайтынын көрсетеді. Яғни Жаратушы ешбір кеңістікпен шектелмейді және белгілі бір бағытта орналасу ұғымынан тыс тұратындығын түсіндіруде. Сонымен қатар «Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қолы жоқ» деген жолдар Алланың антропоморфтық сипаттарға ие еместігін айқын білдіреді. Бұл поэтикалық тұжырым ислам сеніміндегі антропоморфизмге бейім ағымдарға, яғни Алланы жаратылысқа, адамдық физикалық сипаттарға ұқсатып бейнелейтін мектептерге тікелей қарсы айтылғанын байқаймыз. Мәшһүр Жүсіптің бұл өлеңі исламдағы осы дәстүрлі қағиданы қазақтың поэтикалық тілі арқылы терең әрі әсерлі жеткізеді. Ол Жаратушыны жаратылысқа ұқсатудан сақтандырып, Алланың ешбір формаға, пішінге, материалдық өлшемге тәуелсіз, абсолюттік болмыс иесі екенін айқындайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Кітаптың айтқанынан ойлама көп» деген өлең жолы Құранның тікелей мазмұнымен үндеседі. Бұл жерде ақын адамның діни мәтіндерді өз ойымен бұрмалауға немесе шамадан тыс философиялық жорамал жасауға болмайтынын, керісінше, Құранда берілген мағынаға беріктік таныту қажеттігін ескертеді. Аталған жолдар Құрандағы Әли Имран сүресінің 7-аятына дәл келеді, ол аят бойынша: «Ол Алла, саған Құран түсірді. Оның ашық мағыналы аяттары бар. Солар Кітаптың негізгі ірге тасы. Екінші ұқсас ұғымда аяттар бар. Ал жүректеріңде қиыңдық болғандар, бұзақылық іздеп, ұқсас мағыналы аяттардың ұғымын іздестіріп соңына түседі. Оның ұғымын Алла ғана біледі. Сондай-ақ ғылымында озат болғандар: «Бұған сендік. Барлығы Раббымыздың қасынан» дейді. Бұны

ақыл иелері ғана түсінеді» деген аяттың көрінісі болып табылады. Бұл аятта Құран аяттарының екі түрі бар екені айтылған: мухаммад аяттар – мағынасы айқын, шариғат үкімдерінің негізі болып табылатын іргелі аяттар; мутабахи аяттар – мағынасы ұқсас, терең түсінуді қажет ететін аяттар. Жүрегінде күмән немесе қиыңдық бар адамдардың мутабахи аяттардың соңына түсетіні ескертіледі. Ал шынайы ғалымдар бұл аяттарды Алланың іліміне тапсырып, иманмен қабылдайды. Осы тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіптің поэтикалық жолы осы аятты толықтай көрсетеді, және діни білімді дұрыс түсінуге, Құранның ашық үкімдеріне сүйенуге және Алланың құдіретіне толық иман келтіруге шақырған насихат болып табылады. Ақын өлең жолы халыққа қиыңдық тудыратын жасанды жорамалдардан сақтандыра отыра, исламның дәстүрлі теологиялық мектебі Ашария мен Матуридияның ұстанымымен толық сәйкесетіндігін көрсетеді.

Жалпы бұл сенім мен білім қағидаттары Құран Кәрімнің Шура сүресінің 11-аятында ислам сенімінің іргетасы болып табылатын мынадай қағида бекітілген: «Оған ештеңе ұқсамайды. Ол – Естуші, Көруші». Бұл қасиетті аят исламдық сенім негіздерінің ең маңызды тұғырларының бірі саналады, себебі ол Алла Тағаланың болмысы, сипаттары және Оның бүкіл жаратылыс әлемімен арадағы байланысы туралы түпкілікті, әрі бұлжымас қағиданы орнықтырады. Аяттың бірінші бөлігіндегі «Оған ештеңе ұқсамайды» деген мәлімдеме – исламдағы тәухид (Алланың бірлігі) ілімінің ең өзегін ашады. Бұл тұжырым Алла Тағаланың ешбір жаратылысқа тең еместігін, Оның болмысы мен сипаттарының шексіз, уақыт пен кеңістіктен тыс әрі қайталанбас екендігін айқын көрсетеді. Қасиетті Құранда адам баласының Алланы тану мәселесінде түсетін екі үлкен қателіктің қаупі ескертіледі: біріншісі – Алланы жаратылыстарға ұқсату (тәшбиһ), екіншісі – Оның сипаттарын жоққа шығарып, болмысын қатысты сипаттар мен атрибуттарды жоққа шығару (таътил). Осы бір ғана аят дәл осы екі оғаш жолдың алдын алып, орта жолды көрсетеді: Алла бар, Оның сипаттары да бар, алайда Ол Өзі Жаратушы болғандықтан, ешбір жаратылыстың сипатына ұқсамайды. Адамзат дүниені тек өзінің шектеулі ақылы және сезім мүшелері арқылы қабылдап, түсінеді. Біз үшін «болмыс» ұғымы әрқашан белгілі бір формаға, кеңістікке, уақыт пен шектеулілікке тәуелді. Мысалы, адамның бар болуы оның денесімен, пішінімен және нақты бір шекарасымен анықталады. Сондықтан, Алла Тағаланы да осындай физикалық немесе жаратылысқа тән өлшемдермен елестету түбегейлі қате болып табылады. Себебі Алла – жаратылыстың Өзі емес, керісінше, бүкіл жаратылысты және оның өлшемдерін Жаратушы. Ол кеңістік пен уақыттың шегінде тұрмайды, қайта осы екеуін жаратқан Құдірет. Аяттағы «ештеңе ұқсамайды» деген сөз Алланың болмысын абсолютті түрде ерекшелеп, Оның барлығынан жоғары тұрғанын көрсетеді. Бұл – исламдағы

тәңірлік трансценденттілік (яғни, Алланың жаратылыстан мүлдем жоғары әрі бөлек болуы) қағидасын нығайтады. Бұл қағида кейбір діндердегідей «құдайды адам бейнесінде елестету» немесе пұтқа табынушылықтағы «құдайды мүсінге, бейнеге салу» сияқты түсініктерге қарсы айрықша және қуатты дәлел ретінде мәнге ие. Аяттың жалғасында: «Ол – Естуші, Көруші» делінуі Құранның Алланың тірі әрі шексіз құдіретті екендігін айқындайды. Алайда, адам баласы естуді – құлақ арқылы, көруді – көз арқылы, яғни шектеулі дене мүшелері арқылы түсінеді. Ал Алла Тағаланың естуі мен көруі жаратылыстың естуі мен көруіне мүлде ұқсамайды. Осы тұста исламдық сенімнің ең нәзік тұсы айқындалады: Алланың кемел сипаттары бар, бірақ оларды ешбір жаратылыстың сипатына теңестіруге болмайды. Ислам теологиясындағы Матуриди және Ашғари мектептерінің ғалымдары да осы мәселе бойынша терең ой толғаған. Олар Алланың сипаттарын мойындап, оларды жаратылыспен салыстырмау керектігін қатаң ұстанған. Екі мектептің негізгі ұстанымдары осы аяттағы «ұқсамайды» деген фундаменталды қағидаға барып тіреледі. Бұл ұлы аят адамның дүниетанымына және рухани өміріне үлкен әсер етеді. Біріншіден, ол адамды тақапранлықтан сақтайды. Себебі адам өз ақылымен барлық нәрсені толық түсіне аламын деп ойлауы мүмкін, алайда Алланың шексіз болмысын оның шектеулі ақылы толық қамти алмайды. Бұл – адамның шектеулі, ал Алланың шексіз екенін түсінуге жетелейді. Екіншіден, бұл аят рухани тазаруға жол ашады. Алланы физикалық түрде көзге елестетуден бас тартып, жүрекпен, шынайы ықыласпен тану – нағыз иманның көрінісі болып табылады. Жан дүниені тазартуға бағытталған исламдық ілімдерде осы аят жиі талқыланып, ішкі сезім арқылы, тіл мен логиканың шеңберінен тыс жақындауға үндеген. Олар тіл, логика және ақыл Алланы толық сипаттап бере алмайтынын, бірақ шынайы ықыласпен жақындаған жүрек шексіздікті сезіне алатынын уағыздаған. Құранның 42:11 аятындағы «Оған ештеңе ұқсамайды» деген қуатты мәлімдеме – исламдық сенімнің негізі, Алланың жалғыздығын, теңдессіздігін және абсолютті ұлылығын білдіретін ең мықты дәлелдердің бірі. Бұл аят мұсылманды Алланы жаратылыспен салыстыру қателігінен сақтап, Оның Естуші, Көруші сияқты кемел сипаттары бар екенін, бірақ олардың жаратылыстың сипаттарына ұқсамайтынын үйретеді. Мұндай терең түсінік адамның сенімін тазартып, жүрегін хақики иманға жетелейді және осы түсініктер тақырыбымызда қозғалып отырған тұлғалардың туындыларында да осылайша тереңнен көрсетіледі.

Абай Құнанбайұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сүгір жыраулардың діни тереңдетілген концепциялары

Абай Құнанбайұлының Машһүр Жүсіппен сабақтастығы бар мәселелер жайлы да сарап-

тау жүргізе аламыз. Абай Құнанбайұлы отыз сегізінші қара сөзінде: «Біз Алла Тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хақим ақыл ерістіре алмайды. Алла Тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды» деп келтіреді [2]. Бұл жоғарыда көрсетілген Машһүр Жүсіптің «Муминнің Алла деген көңілінде емес» сөздерін тікелей сабақтаса түседі. Абай Алланың шексіздігін ақыл мен логика тұрғысынан түсіндіреді. Оның «өлшеулімен өлшеусізді білу мүмкін емес» деген тұжырымы ислам философиясының классикалық дәстүрімен сабақтас. Мұнда Абай адамның рационалды таным шекарасын анық көрсетеді: адам ойы тек шектеулі құбылыстарды ғана қамтиды, бірақ Алла – өлшеусіз, мәңгілік, шексіз болмыс. Сондықтан Алланың мәнін толық білу адамға берілмеген. Бұл тұжырымда ғылыми-философиялық эпистемологияның таным теориясының элементтері бар: шектеулі субъект – шексіз объектіні тани алмайды. Ал Машһүр Жүсіптің көзқарасына «Муминнің Алла деген көңілінде емес» деп, Алланы «көңілмен елестетуге» немесе бейнелеуге болмайды, өйткені ол ақылға да, қиялға да сыймайды, оның болмысын тіпті елестету мүмкін еместігін айтады. Абай «Алланы толық ақылмен білу мүмкін емес» десе, Машһүр Жүсіп «Алланы толық көңілмен де елестету мүмкін емес» деп бір-бірін толықтыра түседі.

Жоғарыда келтірілген Машһүр Жүсіптің өлең жолдарының мағынасы сонымен қатар Абайдың, Ыбырай Алтынсаринның, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Қожа Ахмет Ясауидің, тіпті Міржақып Дулатұлының еңбектеріндегі ортақ бір идеяны қозғап өтеді, ол – Жаратушының мекенсіздігі жайлы исламдық философиялық концепция негізінде. Машһүр Жүсіп тағы бір сөзінде: «Алла тағалаға жан, дене сияқты киер киім, ішер ас секілді мұнан басқа дүниеде, ахиретте керекті болған нәрселер ешбірісі де Алла Тағалаға керек емес. Бұлардың барлығын Алла Тағала өзі бар қылды. Яғни Алла Тағала пәлен орында, төмен-жоғарыда деп, бұлайша сөз айтудың бәрі күпірлік дүр», – дейді [3]. Ал осы тұжырымды жоғарыда атап өткен тұлғалардың еңбектерінен келтірсек: Абай Құнанбайұлы осы қағиданы қуаттап:

«Мекен берген, халық қылған, Ол Лә мәкән,
Түп Иесін көксемей бола ма екен?

Және оған қайтпақсың, оны ойламай,

Өзге мақсат ақылға тола ма екен?» – деп түйіндейді [4]. Мұндағы «Лә мәкән» сөзі араб тілінен аударғанда «мекенсіз» дегенді білдіреді. Абай бұл ұғымды мутакаллимдер мен шығыс перипатетиктерінің арабша терминімен түсіндірген. Ал Қожа Ахмет Ясауидің де бұл жайлы сөзін «Диуани хикметінен» 16-хикметте: «Ламаканда хақдин сабақ алдым мана» деген жолдар кездеседі [5]. Бұл «Ламакан болған Хақтан сабақ алдым міне» деп аударылады. Көріп тұрғанымыздай, Ясауи де Жаратушыны мекенсіз деп сипаттаған. Осыған

үндес пікірді қазақ ағартушысы әрі қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин де білдіреді. Ол өзінің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегінде: «Біреу сұраса: Құдай тағаланың сипаты нендей?» – деп. Жауап беру керек: «Құлшылық етуімізге лайық Алла тәбарак уа тағала жалғызды, ешкімнің ол Алла тағалаға ұқсастығы, теңдестігі жоқ. Ол Алла тағала дене иесі емес, сурет иесі емес, асыл жауһардай заттар сипатында емес, мекен я, бір орын иесі емес» – деп жазады [6]. Бұл дүниетанымды сонымен қатар Міржақып Дулатұлы да айналып өтпейді. Ол «Ақырғы дін – ислам діні. Бұдан былай Құдайды былай тану керек: жалғыз, күшті, жаны жоқ тірі, орны жоқ, өлшеуі жоқ» – деп, Жаратушының мекенсіздігі мен шексіздігін атап көрсетеді [7]. Жоғарыда айтылғандай, ақындарымыздың Алла Тағаланың мекенмен сипатталуының мүмкін еместігі жайлы теологиялық және рационалдық тұрғыда сөз қозғай кетсек. Ислам дінінің негізгі өзегі – Тәухид ілімі, яғни Алла Тағаланың абсолютті бірлігі мен теңдессіздігін (тәнзих) мойындау. Бұл қағида Алланың ешбір жаратылысқа ұқсамайтынын, сол себепті жаратылғандарға тән қасиеттермен, атап айтқанда, кеңістікпен, уақытпен, өлшеммен және мекенмен шектелмейтінін білдіреді. Жаратылған ғаламның басты ерекшелігі – оның мекенге, уақытқа және көлемге тәуелді болуы. Адамзат та, физикалық әлем де белгілі бір кеңістікте орын алады, шекаралары бар және үздіксіз ағып жатқан уақытпен шектеледі. Алайда, Алла Тағала – мекеннің де, уақыттың да Жаратушысы әрі Өзі Жоқтан Бар етушісі болғандықтан, Оны Өзі жаратқан категориялармен шектеу Оның Шексіз Құдіретіне және мәңгілік болмысына қайшы келеді. Қасиетті Құран Кәрімде Алланың болмысының жаратылыстардан мүлдем өзгеше екендігі туралы нақты аяттар келтірілген. Бұл – Алланың болмысында ешбір теңдесінің жоқтығын, демек, Оның физикалық сипаттардан, оның ішінде мекендік орналасудан пәк екенін көрсететін түпкілікті дәлел. Сонымен қатар, Хадид сүресінің 3-ші аятында: «Ол – Әуелгі де, Ақырғы да, Зәһир де (Көрінетін) де, Батин де (Жасырын)» деп сипатталады. «Батин» (Жасырын, Ішкі) сипаты Алланың жаратылысқа тән денелік немесе мекендік қасиеттерден ада екенін, Оның ғылымы мен құдіреті барлық жерді қамтитынын білдіреді. Егер Алла белгілі бір мекенде орналасса, Ол сол мекенге мұқтаж болып шығар еді, ал мұқтаждық – жаратылыстың ең басты белгісі. Сондықтан, Жаратушыға мұқтаждықты телу – Тәухидтің мәніне нұқсан келтіреді. Мекен ұғымы – бұл физикалық денелердің белгілі бір кеңістікте орын алып, шекараға ие болуы. Әрбір материалды дене заттық тұрғыдан өлшеммен және шекарамен шектелген. Мысалы, адам жерде, күн мен ғаламшарлар аспанда белгілі бір орбитада қозғалады. Алла Тағала дене емес, зат емес, бөліктерден құралмаған. Егер Ол белгілі бір орында орналасқан болса, онда: Шектеу: Ол кеңістікке «сыйып

тұруы» тиіс, ал кеңістіктің шектеуі Алланың шексіздігіне тікелей қайшы келеді. Бөліну: Бір орында болса, басқа жерде болмаған болар еді, бұл Оның барлығының Жаратушысы әрі Ғылымымен барлық жерді қамтушы сипатымен үйлеспейді. Демек, Алланы мекенмен сипаттау – оны жаратылысқа ұқсатуға (тәшбиһ) және оның абсолютті бірлігіне (уәхданият) күмән келтіруге әкеледі. Ислам теологиясында (Калам) сенім мәселелерін жүйелеген негізгі екі мектеп – Матуриди мен Ашари ғалымдары Алланы мекеннен пәктеу қағидасын берік ұстанған. Олардың ортақ қағидасы: «Алла бар еді, ешбір мекен жоқ еді. Кейін Ол мекенді жаратты. Алла мекенсіз бар еді, мекен жаратылғаннан кейін де Ол оған мұқтаж болмайды» деп түсіндіреді. Мұсылман үшін Алланы мекеннен пәктеу – тек теологиялық тұжырым ғана емес, сонымен қатар рухани тазалықтың (иман саулығының) негізі болып табылады. Егер адам Алланы белгілі бір орында, белгілі бір формада елестетсе, оның жүрегінде Оны жаратылысқа ұқсату (тәшбиһ) қаупі тұйнайды. Бұл – кіші ширкке жол ашып, Тәухидтің мөлдірлігін бұзады. Керісінше, Алланы мекеннен, өлшемнен, формадан пәк деп тану – жүректі толықтай тек Тәңірге арнауға, Оның шексіз ұлылығын сезінуге жетелейді. Бұл ілім сопылық көзқараста да ерекше орын алады. Құрандағы: «Біз адамға күре тамырынан да жақынбыз» деген аят Алланың мекенге тәуелсіз, бірақ Өзінің Ғылымымен, Құдіретімен әрбір жаратылысына өте жақын екенін айқын көрсетеді. Айтылғандарды саралай келе, Алла Тағаланы мекенмен, кеңістікпен немесе өлшеммен сипаттау – діни сенімге де, ақылға да жат қателік болып саналады және бұл терең сенімдік ілімдерді біз ұлы ойшылдарымыздың еңбектерінен анық көре аламыз. Мекен – жаратылыстың айнымас сипаты, ал Алла – осы мекенді жоқтан бар еткен Жаратушы. Ол мекенсіз бар, шексіз әрі теңдессіз. Бұл ілім Исламдағы Тәухидтің ең биік тұғыры болып қала береді, адамның жүрегін ширк пен ұқсатудан сақтап, ақылын Жаратушының ұлылығын дұрыс тануға бағыттайды.

Ендігі кезекте Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты» еңбегіндегі шығыс перипатетиктер мен мутакалимдер қолданған Құдайдың жалғыздығына қатысты логикалық тұжырымдасына тоқталайық. Ол өз еңбегінде «Алла тағаланың баласы жоқ және бір Алладан басқа Алла жоқ, егер де басқа бір Алла болса, әрқайсысы өзінің жаратқан нәрсесіменен кетер еді де, бірін-бірі жеңер еді, Алла тағала мұндайлардан таза. Енді ойлап қараңыз, егер де Алла екеу болса, бір Алла бір нәрсені бар болсын десе, бір Алла жоқ болсын десе, сол нәрсе бар болар ма еді, яки жоқ болар ма еді? Әлбетте, бірінің айтқаны болмай қалады ғой. Айтқаны болмай қалғаны Алла болуға лайық болмайды. Сол себептен Алла тағаланың жалғыз екені мағлұм болды, егерде біреу серіктесіп жаратады десе, бұл да бос сөз, оның үшін серікке мұқтаж болған соң, оның

да Алла болуға лайығы жоқ» деп келтіреді [8]. Шәкәрімнің бұл сөзінен Құдайдың бірлігіне қатысты шығыс перипатетиктері мен мутакаллимдер қолданатын логикалық ережені қолданған рационалды дәлелдің өзегін көре аламыз. Егер екі Құдай бар деп ұйғарсақ, олардың әрқайсысының дербес еркі болуы тиіс. Мұндай жағдайда мынадай үш логикалық мүмкіндік туындайды: 1) Екеуінің де еркі жүзеге аспайды. Бұл жағдайда олардың ешқайсысы шексіз құдіретке ие болмайды. Демек, олар Құдай болуға лайық емес, өйткені Құдайдың еркі міндетті түрде жүзеге асуы қажет; 2) Біреуінің еркі орындалып, екіншісінің еркі жүзеге аспайды. Мұндай жағдайда еркі іске аспаған құдай күшсіз деп танылады. Күшсіздік – құдайлық сипатқа қайшы. Ал еркі орындалғаны ғана шынайы Құдай бола алады. Бұл логикалық тұрғыдан Құдайдың жалғыздығын дәлелдейді. 3) Екеуінің де еркі орындалады. Бұл рационалды тұрғыдан мүмкін емес, себебі бір мезетте бір заттың әрі бар, әрі жоқ болуы – ақылға сыйымсыз жағдай. Шәкәрімнің «серікке мұқтаж болған соң, оның да Алла болуға лайығы жоқ» деген тұжырымы құдайдың кемелдігін мұқтажсыздығына қатысты тұжырымын көрсетеді. Құдай – кемелдіктің, шексіз құдірет пен толық тәуелсіздіктің иесі, егер ол қандай да бір істі жүзеге асыру үшін серікке немесе көмекшіге мұқтаж болса, онда бұл оның кемелдігін жоққа шығарған болар еді, мұқтаждық – әлсіздіктің белгісі. Ал ислам сеніміндегі ұғым бойынша Алла Тағала ешкімге мұқтаж емес әрі барлығы оған мұқтаж. Сондықтан құдайдың серігі болуы мүмкін емес екендігін ойшыл осылай түсіндіреді. Шәкәрім Құдайбердіұлының ой-тұжырымдары Құдайдың бірлігін тек діни сенім деңгейінде емес, рационалды ойлау мен логикалық пайымдаулар арқылы да дәлелдейді. Бұл көзқарас оның ислам философиясының негізгі қағидаларын қазақ халқына жеткізуге тырысқандығын анық көрсетеді.

Келесі кезекте біз Сүгір жырау Бегендіқұлының бір толғауындағы көпшілік байқай бермейтін діндегі терең бір тұжырымданы қарастырамыз. Сүгір жырау жалпы сөзін әрқашан «Біссміламен» бастаған және сопылық ілімнің тариқат жолын терең меңгерген тұлға ретінде танылған. Ол толғау-жырларында негізінен Адам ата мен Хауа ана-ны сөз етуден бастап, адамзаттың шежіресі мен тарихын шариғат тұрғысынан зерделеп, оны кейінгі ұрпаққа өнеге-үлгі ретінде жеткізуді мақсат еткен. Жыраудың діни-философиялық ойлары оның «Өсиет толғау» атты шығармасында айқын көрініс табады. Бұл туындыда ол ислам дінінің негізгі қағидалары мен рухани ілімнің түйінді тұстарын саралай отырып, тыңдаушыны адамгершілік пен имандылық жолына шақырады. Әсіресе, жыраудың келесі бір тұжырымы көпке байқалмайтын бөлігін келтірсек: «Бес уақыт намаз отыз күн, Ораза қылдым білсін деп. Жәннаттан алып мал бердім, Сорпасын ішіп

жесін деп», - деген сөздеріне келсек [9]. Құранның 39-сүресінің 6-аятында «Алла Тағала сендерді бір жаннан жаратты. Со-сын одан жұбайын жаратты. Және де сендер үшін малдардан сегіз түрін жұп етіп көктен түсірді», - деген аяттың жоғарыда келтірген Сүгірдің термесіндегі шығу тегін көреміз. Бұл жерде назар салынатын зат – жырау төрт түлік малдың шығу тегі Жәннаттан келгендігін жырлап, көрсетілген Құран аятынан жақсы хабардар болғандығын анық көрсетеді. Сонымен қатар жалпы қазақ халқының өзінде «төрт түлік мал» сөзі Құранның сол аятымен тығыз байланыстығын көрсетеді. Төрт түліктің қос-қостан жұбымен сегіз болуын қазақ халқы өз лексикасында кеңінен қолданғандығын көреміз. Аталмыш төрт түлік жұпты малға Құранның тәпсіршілері жылқыны жатқызбаған, қазақ халқы да төрт түлік малға жылқыны жатқызбаған. Сүгірдің жырындағы «Жәннаттан алып мал бердім» деуі – Құрандағы «жұппен мал түсірдік» аятының халықтық поэтикалық түсіндірмесі болып шығады. Осылайша Сүгір жырау қазақ дүниетанымындағы төрт түліктің киелілігін исламдық негізбен сабақтастырады.

Қорытынды

XIX–XX ғасырлардағы қазақ ойшылдарының діни-философиялық мұрасы ислам өрке-ниетінің іргелі қағидаларымен, сопылық дәстүр-мен және ұлттық мәдени дүниетаныммен біте қайнасып, қазақ руханиятының бірегей арнасын қалыптастырды. Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтын-сарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сүгір жырау және Міржақып Дулатұлы сынды тұлғалар өз еңбектерінде Алланың мекенсіздігін, жалғыз-дығын, теңдессіздігін және Жаратушыны танудың маңыздылығын жан-жақты талдады.

Аталған тұлғалардың, соның ішінде Мәшһүр Жүсіптің, Шәкәрімнің, Абайдың және Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларында терең діни-философиялық негіздер жатыр. Бұл ойлар қазақ ағартушылығының дін мен ғылымды, философия мен дәстүрлі дүние-танымды ұштастырудағы бірегей ерек-шелігін айқындайды. Атап айтқанда, Сүгір жыраудың толғауларында Құран ілімдері айқын көрініс табады. Мысалы, ол Құрандағы малдардың жұппен жаратылуын «Жәннаттан алып мал бердім» деп жырлау арқылы бұл қағиданы халық санасына жақын әрі түсінікті бейнеде жеткізді. Бұл, өз кезегінде, қазақ халқының тұрмысында ерекше орын алатын төрт түлік малдың шығу тегін Жаратушымен байланы-стыра тану дәстүрінің айқын дәлелі. Осылай-ша, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының еңбектерінде Жаратушыны мөлдір монотеистік тұрғыда, мекенсіз әрі өлшемсіз деп тану идея-сы ортақ желі ретінде байқалады. Бұл ұстаным ислам философиясындағы негізгі теологиялық қағидалармен толық сәйкес келеді. Қоры-тындылай келе, қазақ ойшылдарының діни-философиялық көзқарастары Құран іліміне,

сопылық мұраға және халықтық дәстүрге сүйене отырып, ұлттық дүниетанымның терең арнасын қалыптастырды. Бұл мұра қазақ қоғамының рухани болмысы мен мәдени тұтастығын айқындаған құндылық болып қала береді.

Бұл зерттеудің тәрбиелік маңызы айрықша, себебі ол жас ұрпақты қазақ халқының рухани әрі интеллектуалды тамырларымен терең таныстырады. XIX–XX ғасыр ойшылдарының еңбектерінде дін мен философияның сабақтастығы көрініс тауып, ұлттық сананың қалыптасуы мен этикалық құндылықтардың орнығуына ықпал етті. Қазақтың философиялық мұрасы адам болмысы, әділет, имандылық, парасаттылық секілді мәселелерді қозғай отырып, ұлттық рухты сақтаудың және оны жаңа ұрпаққа жеткізудің қуатты құралына айналды. Қазақ ойшылдарының идеялары халықтың өзін-өзі тануына, рухани тұтастығын нығайтуға және әлеуметтік-мәдени дамуына бағыт берді. Бұл мұра — өткен тарих пен келешек өркениеттің арасындағы алтын көпір іспетті. Сонымен қатар, ол қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды жоғалтпай, қайта жаңғыртып, әлемдік өркениетпен үйлестіре отырып, болашаққа нық қадам жасаудың жолын ұсынады. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу тек тарихи-философиялық ізденістің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге қазіргі заман жастары үшін ұлттық өзіндік сананы, рухани беріктік пен мәдени тұрақтылықты қалыптастыратын құнды рухани бағдар.

Әдебиеттер тізімі

1 Көпеев М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы – 2 том. – Алматы: Алаш, 2003. – 117 б.

2 Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы: Атамұра, 2020. – 67 б.

3 Көпеев М.Ж. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары. – Павлодар: Алаш, 2013. – 17 б.

4 Құнанбаев А. Абай Құнанбаев шығармаларының жинағы. Алматы. Жазушы, 2004. – 160 б.

5 Яссауи Қ.А. Диуани Хикмет. – Алматы: Жазушы, 1993 – 49 б.

6 Алтынсарин Ы. Мұсылманшылдықтың тұтқасы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 20 б.

7 Дулатов М. Міржақып Дулатұлының шығармалары. – Алматы. Мектеп, 2013. – 80 б.

8 Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы: Өнер, 2006. – 5 б.

9 Жаңбыршы А. «Мен қашаңғы жүйрігің» Маңғыстау жыр-термелері. – Алматы: Атамұра, 2008. – 57 б.

Transliteration

1 Kopeev M. Zh. Kop tomdyk shygarmalar jinagy – 2 tom [Collected Works, Vol. 2]. – Almaty: Alash, 2003. – 117 p.

2 Kunanbaev A. Kara sozder [The Book of Words]. – Almaty: Atamura, 2020. – 67 p.

3 Kopeev M. Zh. Mashhur Jusip Kopeev shygarmalary [Works of Mashhur Jusip Kopeev]. – Pavlodar: Alash, 2013. – 17 p.

4 Kunanbaev A. Abai Kunanbaev shygarmalarynyn jinagy [Collected Works of Abai Kunanbaev]. – Almaty: Jazushy, 2004. – 160 p.

5 Yassaui Q. A. Diuani Hikmet [Divan-i Hikmet]. – Almaty: Jazushy, 1993. – 49 p.

6 Altynsarin Y. Musylmanshylyqtyn tutkasy [The Key to Islam]. – Almaty: Jazushy, 1991. – 20 p.

7 Dulatov M. Mirzhakyp Dulatulyynyn shygarmalary [Works of Mirzhakyp Dulatuly]. – Almaty: Mektep, 2013. – 80 p.

8 Kudayberdiuly Sh. Musylmandyk sharty [The Rules of Islam]. – Almaty: Oner, 2006. – 5 p.

9 Zhanbyrshy A. “Men kashangy zhuyirigin”: Mangystau jyr-termeleri [“How Long Will I Be Your Steed?” Mangystau Songs and Terme]. – Almaty: Atamura, 2008. – 57 p.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Нургүлан Аскерхан

PhD докторант, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан, email: xnurgulan@mail.ru ORCID ID: 0009-0003-0808-590X

Байжол Исакович Карипбаев

профессор, философия ғылымдарының докторы, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан, email: karipbaev@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3787-1307

Нургүлан Аскерхан

PhD докторант, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан, email: xnurgulan@mail.ru ORCID ID: 0009-0003-0808-590X

Байжол Исакович Карипбаев

профессор, доктор философских наук, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан, email: karipbaev@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3787-1307

Nurgulan Askerkhan

PhD student, Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan, email: xnurgulan@mail.ru, ORCID ID: 0009-0003-0808-590X

Baizhol Karipbayev

Professor, Doctor of Philosophical Science, Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan, email: karipbaev@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3787-1307